

6B11401 ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС

Білім беру бағдарламасының мақсаты: Әлеуметтік жұмыс саласында әлеуметтік-басқарушылық, әлеуметтік-педагогикалық, әлеуметтік-психологиялық, әлеуметтік-оңалту қызметтерін сапалы атқаруға қабілетті, инновациялық технологияларды меңгерген маман даярлау.

УНИВЕРСИТЕТ БАҒДАРЫ, МИССИЯСЫ, БАҒДАРЛАМАЛЫҚ МАҚСАТЫ, ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ, ТҮЛЕК АТТРИБУТТАРЫ

Бағдары:

Тез өзгертін әлемде басқаруға қабілетті педагогтарды дамытатын зияткерлік платформа.

Миссиясы:

Білім беру саласында еліміздің және әлемнің игілігі үшін озық білім мен құндылықтарды жасай, дамыта және тарата алатын көшбасшы ұстаздарды қалыптастыру.

Бағдарламалық мақсаты:

Университет Орталық Азиядағы білім саласындағы оқытудың, оқудың және зерттеудің инновациялық әдістерінің, сондай-ақ ауыл мектептеріндегі білім беруді дамытудың хабына айналуы мақсат етеді.

Құндылықтары:

Толық адам тұлғасы, өз ісіне адалдық және қоршаған әлемге деген сүйіспеншілік.

Университет түлегінің атрибуттары:

- Өз бетімен білім алып, өз тәжірибесінде рефлексия жасап, оны зерттей алады.
- Моральдық-этикалық құндылықтарға е ие және жауапкершілігі мол тұлғалар.
- Терең пәндік, цифрлық құзыреті және кең интеллектуалдық көзқарасы бар кәсіби мамандар.
- Шығармашыл және сыни тұрғыдан ойлана алатын, топта жұмыс істеу және коммуникативтілік дағдылары жоғары дәрежеде.
- Тез өзгертін жағдайларға бейімделе алатын, оқу мен оқытудағы көшбасшылар.
- Өр түрлілікті құрметтейтін, инклюзивті және қоғамдағы теңдік үшін күресе білетін тұлға

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ НЕГІЗДЕМЕСІ

Қазіргі қоғамдағы әлеуметтік өзгерістер әлеуметтік қамсыздандыру мен азаматтарды қолдаудың жаңа форматын қалыптастыруды және дамытуды талап етеді. Экономиканың нарықтық қатынастарға ауысуы, мәдениет пен өркениеттің жаһандануы қоғамдық сананың өзгеруіне әкелді. Сонымен бірге, қоғамдағы өзгерістер әлеуметтік қолдау саясатының жаңа бағытын анықтады. Әлеуметтік қолдауға, қорғауға, көмекке мұқтаж азаматтарды қолдау саласында да жаңа қажеттіліктер пайда болды.

Аталған бағытта қоғамға қажетті білікті маманарды жаярлау әлеуметтік жұмыс саласында әлеуметтік-басқарушылық, әлеуметтік-педагогикалық, әлеуметтік-психологиялық, әлеуметтік-оңалту қызметтерін сапалы көрсетуге қабілетті, инновациялық технологияларды меңгерген білікті, құзыретті мамандарды даярлау өзекті болып отыр. Сондықтан да бұл салада қоғам талабына сай білікті маман даярлау 6B11401-Әлеуметтік жұмыс білім беру бағдарламасының мақсаты болып табылады.

Атап айтқанда, жеке тұлғалар мен әлеуметтік топтарға (қарт адамдарға, мүгедектерге, тұрмысы нашар отбасыларға, көп балалы отбасыларға, бас бостандығынан айыру

орындарынан босатылған адамдарға, жастардың қауіп-қатер топтарына, мигранттарға, әйелдер мен зорлық-зомбылыққа ұшыраған балаларға және т.б.) құқықтық экономикалық, медициналық кеңес беру, әлеуметтік қызметтер көрсету, әлеуметтік қорғау және көмек көрсету.

6B11401-Әлеуметтік жұмыс білім беру бағдарламасы білім алушылардың, жұмыс берушілердің ұсыныстарын ескере отырып, еңбек нарығында қажетті біліктілікті қалыптастыруға бағытталған пәндерді енгізе отырып әзірленген.

Осы объективті қажеттіліктерді іске асыру әлеуметтік қызмет көрсетуді, әлеуметтік қамтамасыз етуді, әлеуметтік қорғауды және мұқтаж азаматтарды әлеуметтік қолдауды жүзеге асыратын басқару органдары мен мекемелері үшін жоғары білікті кадрлар даярлау жөніндегі мақсатты жұмыссыз мүмкін емес.

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Академиялық ұтқырлық	Миссисипи алқабы мемлекеттік университеті (АҚШ)
Қосымша білім беру бағдарламасы (Minor)	Консультант-коммуникатор

Алыс және жақын шетелдердің жетекші жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламасымен сәйкестігі

1. The University of Chicago- 40%,
2. Western Michigan University - 40%

БАҒЫТ ӘЛЕУЕТІ ЖӘНЕ ТҮЛЕКТІҢ ҚЫЗМЕТ АТҚАРАТЫН ОРЫНДАРЫ

- Білім беру қызметі (педагогикалық, психологиялық) – ЖББ мектептер, колледждер, университеттер, денсаулық сақтау ұйымдары;
- Әлеуметтік-профилактикалық кеңес беру қызметі (медициналық, реабилитациялық, терапевтік)- денсаулық сақтау ұйымдары, кеңес беру орталықтары, емдеу- оңалту орталықтары;
- Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызмет (әлеуметтік-тұрмыстық қызмет, әлеуметтік қызмет көрсету) – әлеуметтік қызмет көрсету орталықтары, дағдарыс орталықтары, қоғамдық қорлар;
- Эксперименттік –зерттеушілік қызмет-мемлекеттік мекемелер мен ҒЗИ, арнаулы әлеуметтік көмек көрсету орталықтары.

КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕР САЛАЛАРЫ

6B11401 Әлеуметтік жұмыс бағдарламасы бойынша қызмет көрсету саласының бакалавры бакалавры кәсіби қызметтің келесі түрлерін орындай алады:

1 кәсіби құзыреттілік саласы

Іс - әрекетті бағалау, бақылау құзіреттілігі- азаматтық жауапкершілігі жоғары, кәсіби және жеке тәжірибелік тәжірибені, өзекті әлеуметтік мәселені шешуде қолданатын маман.

2 кәсіби құзыреттілік саласы

Іскерлік қарым-қатынас құзіреттілігі-әлеуметтік серіктестік, әлеуметтік жүйедегі бағдарлау, әрекет ету, әлеуметтік қызметті жүзеге асырудағы менеджмент әдіс-тәсілдерін қолданып ұйымдастыратын маман.

3 кәсіби құзыреттілік саласы

Теориялық білім және әдіснамалық құзіреттілік – кәсіби қызметті жүзеге асыруда мәдени, этикалық нормаларды білетін, өзінің адами ресурстарын тиімді пайдаланатын, кәсіби өзін-өзі дамытуда барлық құралдарды қолдана алатын маман.

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ

ОН 1 Әлеуметтік-мәдени әртүрлілікті ескере отырып, қарым-қатынастың әртүрлі форматтарын пайдаланады, әл-ауқатты және инклюзивті ортаны қалыптастыруда білім берудегі теңдік пен қолжетімділік қағидаларын құрметтейді, көшбасшылық қасиеттерге ие және оларды ұжымдық әлеуетті дамыту үшін қолдана алады.

ОН 2 Кәсіби тапсырмаларды орындау үшін өзін-өзі реттеу мен рефлексияға қабілетті, жоғары деңгейдегі сыни және шығармашылық ойлау дағдыларын меңгерген.

ОН 3 Сандық технологияларды зерттеулер мен қолдануда әдеп және құқықтық нормаларды сақтайды және біледі. Сандық ақпаратпен және деректерді қорғаумен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік шараларын қолданады, сандық ресурстарды белсенді, қауіпсіз және әдепті пайдалануға ықпал етеді.

ОН 4 – Кәсіби қызметте мінез-құлық, адамгершілік, өмірлік және әлеуметтік құндылықтар этикасының ережелерін қолданады, әлеуметтік-педагогикалық, психологиялық, диагностикалық, кеңес беру саласының теориялық білімін қалыптастырады.

ОН 5 – Әлеуметтік қамсыздандыру және әлеуметтік саясат сласы бойынша нормативтік-құқықтық актілерді біледі және қолданады.

ОН 6 – Әлеуметтік топтар мен жекелеген клиенттермен әлеуметтік жұмыс жүргізу саласында әлеуметтік инновациялық технологияларды енгізеді және әзірлеуге қатысады.

ОН 7- Әлеуметтік қолдау саласында маркетингтік зерттеулерді қолданады, краудфандинг және краудсорсинг әдістерін қолдану арқылы әлеуметтік жобалар әзірлейді, әлеуметтік сала менеджментін меңгереді.

ОН 8 – Әлеуметтік қолдау желісін тиімді ұйымдастыру үшін кәсіби құзыреттер мен этикалық нормаларды сақтай отырып, игерілген білімді енгізеді, әлеуметтік қолдаудағы инновациялық бастамаларды, халықаралық, өңірлік, ұлттаралық ерекшеліктерді қолдайды.

ОН 9 – Қоғамдағы әлеуметтік тәуекелдердің алдын алу білімін игерген, әлеуметтік мәселелерді шешуде талдау, модельдеу, эксперимент, диагностика зерттеу әдістерін меңгерген.

ОН 10 – Әлеуметтік жобаларды жүзеге асыруда нарық және қоғам талаптарын болжайды, тәуекел топтармен жұмыста кейс-менеджмент әдістері мен тәсілдерін меңгерген, қолдау дағдысы қалыптасқан..

ОН 11 – Әлеуметтік ортада азаматтардың мінез-құлқына төзімді, эмоционалды интеллект білімін меңгерген. Тұрғындардың түрлі топтарындағы әлеуметтік мәселелерді шешу үшін консультациялық қызметті қолдауды ұйымдастырады және реттейді, тәжірибе жинауға бейім азамат.

ОН 12 – Әлеуметтік мәселелер мен құбылыстарды шешуде сандық және сапалық талдау дағдыларын меңгерген. Әлеуметтік бастамалар көшбасшысы мен жоғары азаматтық жауапкершілік дағдыларға ие.

БББ оқыту нәтижелерін Түлек атрибуттарымен салыстыру матрицасы

	ОН 1	ОН 2	ОН 3	ОН 4	ОН 5	ОН 6	ОН 7	ОН 8	ОН 9	ОН 10	ОН 11	ОН 12
ТА1					+	+	+					
ТА 2				+				+				+
ТА 3						+	+		+			
ТА 4							+			+		+
ТА 5			+					+			+	
ТА 6						+			+		+	

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Білім беру бағдарламасы келесі нормативтік-құқықтық актілер негізінде әзірленген:

1) "Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы Басқарма Төрағасы орынбасарының 2019 жылғы 18 желтоқсандағы № 255 бұйрығымен бекітілген "стационарлық үлгідегі ұйымдар көрсететін арнаулы әлеуметтік қызметтер" Кәсіби стандарты;

2) кәсіптік стандарт: 2016 жылғы "23" қарашадағы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі жанындағы Әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі салалық үшжақты комиссия отырысының 2019 жылғы 5 желтоқсандағы № 255 "стационарлық үлгідегі ұйымдар көрсететін арнаулы әлеуметтік қызметтер".

3) "Психологиялық және әлеуметтік жұмыс" кәсіптік стандартын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2019 жылғы 30 мамырдағы № 292 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 31 мамырда № 18764 болып тіркелді.